

"Ақтөбе облысының білім басқармасы" ММ

"Ақтөбе облыстық арнайы "мектеп-интернат-колледж" кешені" КММ

## Хаттама №2

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңестің жаңадан қабылданған мүшелерін білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен және оны сайлау тәртібімен таныстыру. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі No 355 бұйрығы.)
- .2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңес құрамынан шығару туралы.
4. Мектептің қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

### Қатысқандар:

#### Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Рыспаева Мадина Кахармановна – ата-ана, әскери зейнеткер
2. Телеушева Зинаида Николаевна – "Қазақстандық саңыраулар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының бірінші басшысы.
3. Искалиев Нуржан Кенжетайұлы – УИП ГЮП полиция лейтенанты
4. Мангурова Гульшат Набиуллаевна – ата-ана  
*4-і қатысты, 3-і дәлелді себептермен қатыспады.*

#### Тыңдалды:

*Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша* Габитова В.С – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік ережелерімен және сайлау тәртібімен» таныстырды.

- Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының қызметін дамытуға жәрдемдесетін және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы орган ретінде қызметін төмендегі принциптерге сүйене отырып жүзеге асырады:

- 1.Тәуелсіздік
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қызметі тегін
3. Еріктілік
4. Ашықтық
5. Ашықтық және жариялылық

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі – 3 жыл

5. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны комиссия мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екі) бөлігінен аспайды. Комиссия төрағасы комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол бойынша шешім қабылданады.

Комиссия хатшысы кеңесті ұйымдастырушылық жағын қамтамасыз етеді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

Комиссия хатшысы тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері болып табылады, яғни мектеп мұғалімдері арасынан сайланады.

Комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның барлық шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді және оған төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері, хатшы қол қояды.

Комиссия өтініштерді берудің соңғы мерзімінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде кандидаттар ұсынған құжаттарды қарайды және кандидаттың осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкестігін бағалайды. Қамқоршылық кеңестің функциялары осы Қамқоршылық кеңес туралы үлгі ережелердің 34-тармағында 3-тарауда көрсетілген.

2. *Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша Габитова В.С* – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

- Бүгін бізде қамқоршылық кеңестің жаңартылған құрамы бар, барлық үміткерлер ұйымымыздың қамқоршылық кеңесіне кіруге өтініш берді.

(Жаңа құраммен таныстырылды)

Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің жаңа тізімі:

1. Рыспаева Мадина Кахармановна – ата-ана, әскери зейнеткер
2. Телеушева Зинаида Николаевна – "Қазақстандық саңыраулар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының бірінші басшысы.
3. Бектурганов Амангельды Бисембаевич – білім беру саласындағы ардагерлер кеңесінің мүшесі.
4. Жалгасова Гульшара Маликовна – "Қазақ зағиптар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Ақтөбе" корпоративтік қорының басшысы.
5. Биржанова Гульвира Сабетовна – КММ басшысы"  
Қазақ саңыраулар қоғамының қалалық мәдениет үйі " ЖБТ  
"Ақтөбе қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі"
6. Искалиев Нуржан Кенжетайұлы – УИП ГЮП полиция лейтенанты.
7. Мангурова Гульшат Набиуллаевна – ата-ана

- Жаңа құрамға қарсылықтар бар ма? Дауыс берейік

(Қатысушылар барлығы бірауыздан қолдады)

- Отбасылық жағдайына байланысты Нұрғалиева Әсел қамқоршылық кеңестің төрағасы қызметінен босатуды сұрады. Әселге қамқоршылық кеңестің төрағасы ретінде атқарған жұмыстарына, бөлінген уақытына алғыс айта отырып, сәттілік тілейміз.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы қызметіне Мадина Қаһарманқызы Рыспаеваның кандидатурасын бекітуді ұсынамын. Біз оны мектебімізде болып жатқан барлық жағдайға бей-жай қарамайтын жауапты, әділ адам ретінде

білеміз. Мектеп өміріне белсене араласып, бірнеше рет жеке қаражаты есебінен мектепке демеушілік көмек көрсетті.

Дауыс берулеріңізді сұраймыз («жақтаймын» – 5 дауыс, «қарсы» 0 дауыс, «қалыс» 0 дауыс).

*3. Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша Габитова В.С:*

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» бұйрығының 34-тармағы негізінде бір жыл ішінде үш реттен артық дәлелді себепсіз жиналысқа қатыспауына байланысты немесе жеке өтініші негізінде қамқоршылық кеңестің құрамынан шығаруды ұсынамын.

1. Жангельдина Ж – арыз негізінде
2. Нұрғалиева А-
3. Ким. А –арыз
4. Жолмагамбетова Д –отырысқа қатыспауы
5. Утешов Д-
6. Акимов С-
7. Нұрғалиева Л-

*4. Күн тәртібіндегі 4 мәселе бойынша Габитова В.С:*

Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

- Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын ұсынамын, ұсыныстарыңыз болса, айта отырыңыздар. Танысып шығыңыздар.

- Қандай да бір ұсыныстар бар ма?

Рыспаева Мадина Кахармановна – ата-ана, әскери зейнеткер

- Жоқ, ешқандай ұсынысым жоқ.

Мангурова Гульшат Набиуллаевна – ата-ана

- Жоспар жақсы құрылған, қосып аларым жоқ. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекітуді ұсынамын.

**Шешімі:**

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы бекітілсін.

2. «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарын сайлау тәртібі» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі No 355 бұйрығының 6-тармағының негізінде М.Қ.Рыспаева Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып тағайындалсын.

3. Қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдердің орындалуын бақылау қамқоршылық кеңестің төрағасы М.Қ.Рыспаеваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: \_\_\_\_\_ М.Қ.Рыспаева

Хатшы: \_\_\_\_\_ Г.Шагатаева